

бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. Қимылды ойын: «Қарлы эткеншек» Мақсаты: балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру. Ойын шарты: Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады. Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді. Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді, қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді. Бірнеше рет айналған соң тәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.» Қарлы эткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап қолдарын жібереді. Кішкене дем алғаннан кейін ойын қайталанатын. Жеке баламен жұмыс: Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Дербес әрекет: Балалар ойындарының	Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау. Табиғаттағы еңбек: Құстарды жем шашып тамақтандыру. Қимылды ойын: «Қарлығаш» Мақсаты: балалардың бойындағы ептілік қабілеттері дамиды. Ойын шарты: Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Ойын жасырынуга болатын жерде далада өтеді. Балалар бір жерді меже етіп белгілейді. екі топтың өзінің кезегін қаламақ айтып анықтайды. Кезегін бірінші алған топ аулағырақ барып жасырынады. Екінші топ оларды іздеп келе жатып, «Қарлығаш орнынан тұра қаш» деп үздіксіз дауыстайды. Олар жақындап қалғанда жасырынған топтың балалары межеге қарай жүгіреді. Іздеген топ жасырынған топтың	Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру. Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: балалардың ептіліктерін, шапшаңдықтарын дамыту. Ойын шарты: Мысық рөлін ойнайтын бала тандалады. Қалған ойыншылар- «тышқан» болады. Мысық серуендеп жүргенде, тышқандар үйшікте отырады. Ал мысық ұйықтаған кезде, тышқандар серуенге шығады. Тышқандар ойын алаңында еркін ойнап жүреді. Осы уақытта мысық оянып, мяулап тышқандарды ұстайды. Тышқандар үйшіктеріне қашады. Егер мысық тышқандарды ұстаса, ойындағы ойыншылардың рөлі ауысады. Ресурс: үйшік, ойын	Табиғаттағы еңбек: Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, эткеншекті және т.б.) Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Балалар бірлесіп ойнай алады, шапшаңдық танытады. Ойын шарты: Балалар белгіленген жерге орналасады. Олардың біреуінің көзін байлайды, бұл- соқыртеке. Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар ептеп алақандарын шапалақтап жүгіреді. Соқыртеке ұстайды. Соқыртеке біреуін ұстап алса, ойын тоқтатылады да жаңа соқыртеке сайланады. Егер соқыртеке көпке	Балалар екі топқа бөлініп, қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосып алады. Және керісінше болып ойын жалғаса береді. Жеке баламен жұмыс: Жауды, міне қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Терістепті оларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркіп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ, Жантайыпты жамбастап. Дербес әрекет: Балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты тұру; құрдасының ойы мен өзінің ойының келіспеушілігін, оның
---	---	---	--	--

	тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.	ойыншыларының біреуін ұстап алса, онда қашушылар қуушыларды межеге дейін аркалап апаратын болған. Ойыншылар арасында қыз балалар болса, айып орнына өлең айтып, би билейтін болған. Жеке баламен жұмыс: Ауламызда бау бүрлеп, Шешек атып жайнайды. Ақ тамағы бүлкілдеп, Қарлығаштар сайрайды. Дербес әрекет: Балаларға өз рөлдерін және қарсыластарының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуді үйрету; ойын барысында балаларға 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ережелерін білу.	алаңы. Жеке баламен жұмыс: Мақал Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым Қыста бұрқасын болса- жазда жауын-шашын болады. Дербес әрекет: Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретінде ойынды дамытуына, бірқалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына және нығайтуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруына, сондай-ақ ойындық бірлестігінің болуына себеп болу.	дейін ұстай алмаса ауыстырылады. ойында балалар шеңбер бойымен тұрады, ортада екі ойыншы-соқыртеке мен қолында кішкене қоңырауы бар бала, бала шеңберді айнала қоңырауын сылдырлата жүгіреді., ал соқыртеке оны қуып ұстайды. Ресурс : орамал, қоңырау. Жеке баламен жұмыс: Машина Төрт аяғым дөңгелек, Адамсыз мен жүрмеймін, Барлық жерге жеткізіп, Қаласаңыз апарам. Дербес әрекет: Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.	ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				

Балалармен жеке жұмыс	Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Дарын, Дилшат	Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады Медина, Шахназ	Тіл ұстарту: Өс – өс – өс, Тігіп алдым қос Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс – өс – өс, Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс, Ағаш тез – тез өс. Дінмұхаммед, Ясмин	Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. (Мұзафар Әлімбаев)	Отан туралы тақпақ айтқызу. Отан - тарих, Отан - тіл, Жасаған елін, ер халқын. Отан - өлең, Отан - жыр, Көтерген көкке ел даңқын... Отан осы, достарым, Көңілге мұны түйе біл. «Отан» деп өс, жас қауым, Оны ардақтап, сүйе біл.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығу. Ұнды қолмен аламыз, Бетіне тұз саламыз. Жылы суды құйып ап, Араластырып қоямыз.	Менің үйім: Мақсаты: әр бала өздері тұратын үйлерін құрастырмалы материалдардан құрастырады.	«Мөлдір бұлақ бастауы» (үйірме жетекшісінің жоспары бойынша)	«Пазл құрастырамыз». Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	Сюжетті рольді ойын: «Сатушы» Мақсаты: гүл сатушы ролін ойната отырып, дала гүлдерінің түрін таниды. Атайды өсімдік бөліктерін ажыратады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналар, балалармен бірігіп қысқа арнап қол өнерлерін жасап әкелу. Үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу				

Бекітемін  Мырзағалиева.С.Т
Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары

Білім беру ұйымы: Ғ.Мәсәлімов орта мектебі

Топ: Мектепалды сынып

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12—30.12.2022ж

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы IV апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	Сәлеметсіздер ме, балалар? Балаларды қабылдау, тазалықтарын тексеру..Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.Бүгінгі көңіл-күйлері туралы сұрау. Балаларды не қызықтыратыны туралы әр баланың жеке пікірлерін әңгіме барысында сұрау. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Білер қазақ баласы, Сәлем-сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен, Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Сәлеметсіздер ме? Апайлар,балалар! (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Сәлем, көңіл-күйің қалай? «Смайлик» арқылы көңіл-күй білдіру. Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Балалардың көңіл-күйін бақылау.(коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Арайлап өткен таңымыз, Қайырлы болсын күніміз. Сәлеметсіздер ме? (коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларына өз-өзіне қызмет студі үйрету жөнінде кеңес беру. Балалардың қызықты сәттері туралы айту. Ата-аналарға балаларының денсаулығына баса назар аудару керектігі жөніндеәңгімелесу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Спорттық ойындар бұрышы Кегли, доп, боулинг, баскетбол, секіртпе, асық, кедергілер, фитбол т.б (физикалық дамыту)	Ертегілер елінде. Атрибуттар, ертегі суреттері, көлеңкесін табу, дулия шеңбері т.б (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Логикалық ойындар Пазл, мозайка, танымдық құрастырмалар т.б (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)	Шығармашылықпен жұмыс Суреттерді бояу, жапсырмалар, моншақтарды жапсыру, ермесазбен түрлі мүсін жасау, құрастыру жұмыстары. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Дидактикалық ойын: «Жылдам ойла» Мақсаты: Қыз бала мен ұл баланың ойыншықтарын атап, ажырата білуге үйрету Ойынның барысы: Ұл мен қыздың үлкен суретіне ұшақ, машина, ат, поезд, қуыршақ, үйшік, ыдыс, тарактын суреттерін атап, ажыратып қыстырғышпен үлкен суретке орналастырады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айы (2 – комплекс) (III – IV апта) Жүру. «Керік», «Аю», «бақа», жүгіру «жылан», «Ақбөкен» Звеноға бөлініп тұру. 1. Б.к. аяқ бірге. Оң қолды көтеру, қарау, түсіру. Сол қолды көтеру, қарау, қолды түсіру. 7-8 рет қайталау. 2. «Үкі» Б.Қ. Аяқ бірге, қол жанда, қолды жоғары көтеру, алақанның сыртын түйістіру. 6-8 рет қайталау. 3. «Айна» Б.Қ. Аяқ бірге, қол беттің көлемінде, алақанды сыртына қарата ұстау. 1. «айнаның» оң жағынан қарау. 2. түзелу. 3. «айнаның» сол жағынан қарау. 4. түзелу. 5-6 рет қайталау. «Қонақ» Б.Қ. тізерлей отыру, қол жанда. 1. қолды алға қусыра, оңға отыру 2. түзелу. 3. солға отыру. 4. түзелу. 5. «киіз басу» Б.Қ. тізерлеп отыру. Қолды қарама-қарсы бағытта ілгері Кейін сермеу. «Отпашу» Б.Қ. Тізерлеп отыру. «Отпашу!» дегенде, «ура!» деп ыршып тұру. 6-7 рет қайт/у «велосипедшілер» Б.Қ. шалқадан жату, аяқты «велосипед» тепкендей қозғау «Шаңғышылар» Аяқты қарама-қарсы бағытта секіре қарғу. «Ха» тынысты реттеу жаттығуы. Саптізбекте жүру. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) (физикалық дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ысқырықпен жиналу» Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс	«Ысқырықпен жиналу» Денсаулық ол-шыныққан, Барлық денең мүшесі Денсаулық ол-тыныққан Жүйке тамыр жүйесі. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Дидактикалық ойын: «Ақшақарлар ұшады» Мақсаты: Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп	«Ысқырықпен жиналу» Спорт сенің серігің Жанға дауа, қолға күш Сергітетін адамды, Қимыл менен қозғалыс. (коммуникативтік дағдыларды

		алу арқылы үрлеуі керек. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)		ұшырады. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дидактикалық ойын: «Сөйлемдегі сөздерді сана» Мақсаты:Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері) Ойын шарты: Балалар сөйлемді оқып, сөйлемдегі сөздердің санын көрсететін санды сызықпен байланыстырады. Дидактикалық ойын: «Кімнің сөздері» Мақсаты:Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. (коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет) Балаларға ертегі кейіпкердің сөзіне қарай, қандай кейіпкер және қандай ертегі туралы тауып айту керек. Мысалы: Бұл сөздерді қай ертегінің кейіпкері айтады: «Бер менің құйрығымды» (Мысық «Мақтақыз бен мысық» ертегісінен) «Мен атадан қаштым, мен әжеден қаштым» (Бауырсақ «Бауырсақ» ертегісінен) «Бүркіт қонаққа шақырып еді,	Дидактикалық ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. (коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту) Ойын шарты: балаларды шеңберге тұрғызады да допты лақтырып кез келген сөзді айтады. Балалар сол сөзге керісінше сөзді айтады. Мысалы: ақырын-жылдам, суықтыстық... Мақсаты: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау	Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты:Сөйлем туралы бастапқы қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз). (коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері) Шарты: Балалардан сөйлемді аяқтауды өтіну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі...». Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені...», Аю қыста ұйықтайды, себебі... және т.б. Дидактикалық ойын: «Осы, өткен, келер уақыт» Мақсаты: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы) ажыратып, сөйлегенде қолдана	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқтап көмектес» Мақсаты: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). (коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту) Ойын шарты: Баланың алдына бір-бірден суреттерді орналастырады. Содан кейін сөздің соңғы дыбыстарын аяқтамай айтады. Бала суретке қарап сөзді аяқтау керек. Сөзді аяқтағаннан кейін мысалы: бала, бала сөзінде б дыбысы басында кездесіп тұр. А дыбысы ортасында, соңында деп айтады. Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты:Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. (коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері) Ойын шарты: Бастаушы бір сөз айтады, балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.	Дидактикалық ойын: «Бұл қашан болады?» Мақсаты: циферблат бойынша уақытты анықтау. (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері) Ой шарты: Ой шақыру Жұмбақ Сыртылдайды күнімен Сыртылдайды түнімен Білгің келсе уақытты Көрсетеді тілімен. Ойын шарты:Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. (Алдымыздағы өзіміздің іс-әрекетіміз бейнеленген суреттерімізді қойып шығамыз). Сағаттың

уақытым жоқ» (Көкек «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісінен) Дидактикалық ойын: «Артыңда не тұр, тауып көр?» Мақсаты: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды дамыту. (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері) Ойын шарты: сандар таяқшасын есептеу арқылы жүргізуші таңдалады. Артында 1 зат тұрады, не тұрғанын білмейді. Ол үшін артқа қарай, өзі қараймай тұрып доп лақтырады. Кім қағып алса, артында ығған затты сипаттайды. Жүргізуші сұрайды: қандай көлемде? Дұрыс тапса, допты қағып алған бала жүргізуші болып ойынды жалғастырады. Таппаса, допты келесі ойыншыларға тапқанша лақтырып тұрады (2-3 рет ойнату). (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка) (маман жоспары бойынша)	және түсіну. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру) Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақшаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, сурет мүсіндеу, жапсыру, құрастыру (пән жетекшісінің жоспары бойынша)) (физикалық дамыту, дене шынықтыру) (маман жоспары	білуді жетілдіру. коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі) Ойын шарты: Жұмбақтарды мұқият тыңдау. Ойланып алып, сонан кейін ғана іс-әрекеттің, қимылдың, оқиғаның қай уақытта болып жатқанын, болғанын және болатынын айту. Барлық уақытты белгілермен көрсетеді: осы шақ-көгілдір түспен, өткен шақ-сұр түспен, келер шақ-қызыл түспен. Белгі бойынша кім уақытты дұрыс көрсететінін көреміз. Қане, бастайық! Бүгін балалар мектепке бара жатыр. Кеше біз саяжайдан келдік. Ертең біздің балабақшаға қонақтар келеді. Құстар ұя салып жатыр. Тауда ұяда балапандар пайда болды. Бүгін балалар текшелерден үлкен	Мысалы: Далада(қар жауып тұр) Балалар.....(шанамен ойнап жүр) Адамдар(жылы киінген)..... Ойын осылай жалғаса береді. Видеоролик көру Мақсаты: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру) Жұмбақ: «Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, аузы жоқ- тыныс алады, қоректенеді». Бұл не болды? Өсімдік. Балалар, өсімдіктер қайда өседі? Жерде, бөлмеде, ағашта өседі. Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады Өсімдік өсу үшін не керек?	тілімен көрсету. Мақсаты: Көркем шығармадағы рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін анықтау. (коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет) Үлестірмелі материалмен жұмыс: Мақсаты: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. (коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі) Балалар суретті таңдап алады. Алған суреттегі сызба бойынша сөйлем құрайды. Мысалы: сұрақ белгісімен тұрса, Сен бақшаға барасың ба? т.б (физикалық дамыту, дене
---	---	---	--	---

		бойынша)	кеме жасап жатыр. Мақсаты:Қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге. (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері) (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка) (маман жоспары бойынша)	Өсімдіктер тұқым арқылы көбейеді. - Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық, жылу керек. Біздер бау бақшада, ағашта өсетін өсімдіктердің қай мезгілде пісіп, қай мезгілде жинап алатынын көру үшін саяхатқа барамыз. Саяхатқа барғанда кедергілерден: судан, көпірден, қысқа ирек жолдардан өтеміз. Көктем, жаз, күз мезгілдеріне кездеседі. Көпірден өтіп, балалар назарын горшокте өсіп келе жатқан гүлге аударады. -Балалар өсімдіктер өсу үшін не істейміз? Бүршік жарып келе жатқан ағаштардың суретін көрсету. Олардың жапырақтары, көшеті, мүртшалары бар. Сабағы тарқилы көбейеді. Өсімдіктердің иісі болады, гүлдейді, жеміс береді. Олардың өсуіне жарық, ауа, ылғал қажет. Шығармашылық жұмыс: Балалар біздің табиғат бұрышымыздағы бөлме гүлдерімізді суаратын кез де келіпті. Қанекей бөлме гүлдерін арнайы таяқшамен қопсытайық, суарайық, жапырақтарын сүртіп	шынықтыру) (маман жоспары бойынша)
--	--	----------	--	---	--

				тазалайық. (физикалық дамыту, дене шынықтыру) (маман жоспары бойынша)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (коммуникативтік дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №9 Желді бақылау Мақсаты: Өлі табиғат туралы білімдері байып, табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтары қалыптасады. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Бүгін ауа райы қандай? (суық, желді, аязды) Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран, үскірік) Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады? (компаспен, зырылдауықпен) Жел қалай пайда болады? Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. Табиғаттағы еңбек: Сырғанақ төбешік соғу. Педагог жетекшілігімен ойын:	Серуен №16 Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін) Мақсаты: Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау. Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершінде жиі, ұсақ қадамдар т.б.). Бақылау барысы: Жұмбақтар Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (қарлығаш) Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда,	Серуен №2 Бақшаны бақылау Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстырып; зерттеу қызметіне деген қызығушылықтары артады. Бақылау барысы: Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») ♦ бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады) Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жөк, тегіс	Серуен №20 Көшені бақылау Мақсаты: Ауылда көп көшенің бар екенін, олардың атауы әр түрлі екендігін үйреніп және балабақша қай көшеде орналасқандығын біледі. Бақылау барысы: Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, почта, т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет. Адамдардың еңбектеріне	Серуен №6 Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылап; сөздік қорларын байытады; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиеленеді; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктері артады. Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не

«Көжектер мен түлкі» Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйренеді. Ойын шарты: Бір бала түлкі болып сайланады, қалған балалар көжек бет пердесін киіп, дөңгелең отырады. Ойын жүргізуші: Көжектерім тұршы, беттеріңді жушы. Ну орманға барайық, тамақтанып алайық. Қоян: Жалмандаған ку түлкі, келіп қапты орманнан. Көжектерім қайда? - деп, еріп келеді соңымнан. Көжектер ән ырғағымен секіріп, қаша жөнеледі, түлкі қуады. Жеке баламен жұмыс: «Затты тап» Мақсаты: Балабақша ауласын бағдарлай біледі, затты сипаттау бойынша табады. Дербес әрекет: Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау. Ойын әрекеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу.	Тұла бойың балкиды. (Бозторғай) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау. Табиғаттағы еңбек: Құстарды жем шашып тамақтандыру. Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарлығаш» Мақсаты: балалардың бойындағы ептілік қабілеттері дамиды. Ойын шарты: Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Ойын жасырынуга болатын жерде далада өтеді. Балалар бір жерді меже етіп белгілейді. екі топтың өзінің кезегін қаламақ айтып анықтайды. Кезегін бірінші алған топ аулағырақ барып жасырынады. Екінші топ оларды іздеп келе жатып, «Қарлығаш орнынан тұра қаш» деп үздіксіз дауыстайды. Олар жақындап қалғанда	жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады) Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? (ғимарат жанында) ♦ неліктен? (соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.) Зерттеу жұмысы Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу. Табиғаттағы еңбек: қардан құрылыс тұрғызу. Педагог жетекшілігімен ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балалар топпен ұйымшыл болып ойнай алады. Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, ал бір бала ортада «Қоян» болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп таппақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ қоян Ұйқыдан тұрсаңшы	сыйластықпен қарай білуге үйрету. Жұмбақтар шешу: Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өмірінді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (милиционер) Үйден басталады, Үймен аяқталады. (жол) Табиғаттағы еңбек: Аландағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, әткеншектегі және т.б.) Өз беттерімен аландағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. Педагог жетекшілігімен ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Балалар бірлесіп ойнай алады, шапшандық танытады. Ойын шарты: Балалар белгіленген жерге орналасады. Олардың біреуінің көзін байлайды, бұл соқыртеке. Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар ептеп алақандарын	істейді? ♦ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Табиғаттағы еңбек: Кішкентай шаелектерімен қарды ағаш түбіне үю. Педагог жетекшілігімен ойын «Ақ серек көк серек» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіріп, достық қарым-қатынастарын дамытады. Ойын шарты: Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүтіріп келеді де, қарсы
--	--	--	--	---

		жасырынған топтың балалары межеге қарай жүгіреді. Іздеген топ жасырынған топтың ойыншыларының біреуін ұстап алса, онда қашушылар қушыларды межеге дейін аркалап апаратын болған. Ойыншылар арасында қыз балалар болса, айып орнына өлең айтып, би билейтін болған. Жекебаламен жұмыс: Ауламызда бау бүрлеп, Шешек атып жайнайды. Ақ тамағы бүлкілдеп, Қарлығаштар сайрайды. Дербес әрекет: Балаларға өз рөлдерін және қарсыластарының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуді үйрету; ойын барысында балаларға 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ережелерін білу.	Бетінді жусаңшы Шашынды тарасаңшы. Әй-әй көйлек кесеңші Біреудің қолын үзсенші-дегенде, қоян болған бала тақпақтағы қимылды түгел істеп, өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. егер бала шеңберді үзсе, өзі шеңберге қосылып тұрады. Үзілген жердің оң жағындағы бала «қоян» болады. Жеке баламен жұмыс: Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мүз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. Дербес әрекет: Жаттығу ойындары: «Нысанаға тигіз». Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамытады.	шапалақтап жүгіреді. Соқыртеке ұстайды. Соқыртеке біреуін ұстап алса, ойын тоқтатылады да жаңа соқыртеке сайланады. Егер соқыртеке көпке дейін ұстай алмаса ауыстырылады. ойында балалар шеңбер бойымен тұрады, ортада екі ойыншы-соқыртеке мен қолында кішкене қоңырауы бар бала, бала шеңберді айнала қоңырауын сылдырлата жүгіреді., ал соқыртеке оны қуып ұстайды. Ресурс : орамал, қоңырау. Жекебаламен жұмыс: Машина Төрт аяғым дөңгелек, Адамсыз мен жүрмеймін, Барлық жерге жеткізіп, Қаласаңыз апарам. Дербес әрекет: Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.	топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Жеке баламен жұмыс: Артикуляциялық жаттығу: «Сағат» - тілді ауыз қуысынан шығарып жіңішкертіп ұстап, оңға, солға қимылдату керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. Дербес әрекет: Жаттығу ойындары: Шанамен жүру. Мақсаты: шанамен жүруге жаттығады, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамытады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау				

(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті).					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Суретші» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы) Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Үлестірмелі материалдармен жұмыс: «Домино» «Шашка» Мақсаты: Танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін ашу. (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)	Дидактикалық ойын: «Үйдің құрылысы» Мақсаты: Балаларды үй құрылысымен таныстыру, пішіндерді ажырата білуге үйрету Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға үйдің суреттерін көрсете отырып, үйдің неше бөліктен тұратынын, оның қандай пішіндерге ұқсайтынын сұрайды. Пішіндерден үйді құрастырады. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Дидактикалық ойын: «Қарама – қарсы сөздер» Мақсаты: антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту. Ойын шарты: балалар бір-біріне кезекпен допты лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады. Ал допты қағып алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек. Мысалы: ыстық – суық, ауыр – жеңіл, ұзын – қысқа. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Шығармашылық орталығы: Балалар өздері таңдауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасайды. Ермексазбен, жапсыру, музыкалық аспаптармен ойнайды. Өздерінің жасаған жұмыстары туралы айтады. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Ерасыл мен Руфинаға сурет бойынша әңгіме құрауға, сөз, сөйлем ұғымдарын түсіндіріп, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Аружан мен Әлиге жаңылтпаш жаттата отырып тілдерін дамыту. Жаңылтпаш Шеше, шеше, Неше кесе, Сынды кеше. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Сұлтан мен Шаттанға мүсіндеуге үйрету Өртүрлі көлемдегі домалақтарды біріктіреді ұсақ элементтерін толықтырады. Өртүрлі көлемдегі дөңгелектерді алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйренеді. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Ерасыл мен Нұрисламға логикалық ойлауын дамыту. Логикалық тапсырмалар. (танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)	«Қыс келді» Ә.Ысқабаев Қыс келді, қыс келді, Ақтарып ақ қарды. Жол аппақ түске енді, Аралап қайтайық. Ақ күміс бақтарды. Шыңдарды, құздарды Шаңғымен сызалаық. Елемей ызғарды, Жаңа жыл бәйгесін Келейік біз алып. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)

			іс-әрекетін дамыту)		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата- аналарға түсіндіру. Ата-анаға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс- әрекеттері туралы әңгімелесу. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата- аналармен кеңестер жүргізу. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Жаңа жыл мерекесімен құттықтап,сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)